21695330166

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М
(қысқаша)

2024 жылғы 08 тамыз №7119-24-00-2/9536 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Б.К.Нұрланов оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен электронды азаматтық істі қарап

ТАЛАП ҚОЮШЫ:

"Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – АҚ)

ЖАУАПКЕРЛЕР:

«Astana Light Company» ЖК жеке кәсіпкері (бұдан әрі-ЖК)
«Мир» ЖК

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:

мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағы 3)-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші не уәкілетті орган әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы өз мерзімінде аталған талап қоюмен сотқа жүгінген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 268-бабына сәйкес

(бұдан әрі - АК), шарт жасасу міндеттеменің пайда болуына негіздер болып табылады.

Азаматтармен заңды тұлғалар шарт жасасуға еркін (АК-тің 380-бабы). Шарт ол жасалған сәттен бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады (АК-тің 386-бабы).

Егер сату-сатып алу шарты бойынша түрлеріне, үлгілеріне, мөлшеріне, түстері мен өзге де белгілеріне (түр-түрі) қарай белгіленген тауарлар берілуге тиіс болса, сатушы сатып алушыға тауарларды тараптар келіскен түр-түрі бойынша беруге міндетті (АК-тің 420-бабы).

Іс-құжаттарына сәйкес, «Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» акционерлік қоғамы мен жеке кәсіпкер «Astana Light Company» арасында 2024 жылғы 28 мамырда №791 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартжасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес, жауапкер жалпы соммасы 172 585 теңгеге Тапсырыс берушінің өтінімін берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде тауар «Қысқыш» жеткізуге міндеттелген.

Сондай ақ, «Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы» акционерлік қоғамы мен жеке кәсіпкер «Мир» атынан - Наймушина Галина Михайловна арасында 2024 жылғы 09 мамырда №663 тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы шартжасалған.

Шарттың талаптарына сәйкес, жауапкер жалпы соммасы 288 000 теңгеге Тапсырыс берушінің өтінімін берген сәттен бастап 16 күнтізбелік күн ішінде 2 бөлікпен тауар «Қамыт (тұтастырғыш)» жеткізуге міндеттелген.

Демек, жауапкерлер шартқа қол қойып, оның талаптарымен келіскен. Сондай-ақ, жауапкерлерді ешкім шарт жасасуға мәжбүрлемеген, тиісінше тараптардың еркімен жасалынған.

Тараптар арасында шартты өзгертуге байланысты қосымша келісім жасалынбаған.

АК-тің 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сондай-ақ, АК-нің 359-бабының 1-тармағына сәйкес, борышқор кінәлі болған кезде егер заңдарда немесе шартта өзгеше көзделмесе, міндеттемені орындамағаны және (немесе) тиісті дәрежеде орындамағаны үшін жауап береді. Егер борышқор міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғанын дәлелдесе ол кінәсіз деп танылады.

Документ подписан: Алимбетов А. С., 30.09.2024
Дата вступления в законную силу: 17.09.2024, судья Нурланов Б. К., 16.10.2024
7119-24-3-1/8861

Заңының 43-бабының 23-тармағына сәйкес, тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Сотта анықталғандай, бүгінгі таңға дейін тапсырыс берушіге қызмет көрсетілмеген.

Кодексте, басқа да заң құжаттары мен шартта өзгеше көзделмесе, шарт тараптардың келісуімен өзгертілуі және бұзылуы мүмкін. Шартты орындаудан біржақты бас тартылған жағдайда (шарттан тиісінше ішінара немесе толығымен бас тарту (осы Кодекстің 404-бабы) шарт өзгертілді немесе бұзылды деп есептеледі. Шартты өзгертуге немесе бұзуға ұсыныстан екінші тараптың бас тартуы алынғаннан кейін, не ұсыныста көрсетілген немесе заңдарда не шартта белгіленген мерзімде, ал ондай мерзім болмаған кезде отыз күн мерзімде жауап алынбағаннан кейін ғана тарап шартты өзгерту немесе бұзу туралы талапты сотқа мәлімдей алады (АК-тің 401, 402-баптары).

Тапсырыс берушімен шарттарды біржақты тәртіпте бұзу жөніндегі хабарлама жіберілген.

Жауапкерлер істің қаралу сатысында шарттың біржақты тәртіпте бұзылғандығын дауламаған және тауарды қабылдауға міндеттеу туралы қарсы талаппен сотқа жүгінбеді, яғни сот, бұл жауапкерлердің процестік рәсімдерді өткізіп алғаны деп санайды.

«Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 21 сәуірдегі № 4 Нормативтік қаулысының 8-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы). Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу туралы шарт тараптарының жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде жасаған қосымша келісімдері де соттардың бағалауына жатады. Заңның 45-бабында мемлекеттік сатып алу туралы шарттың жобасына не жасалған шартқа өзгерістер енгізудің негіздері белгіленген. Осыған байланысты, егер тараптар шартқа, жобалау-сметалық

Документ подписан: Алимбетов А. С., 30.09.2024

Дата вступления в законную силу: 17.09.2024, судья Нурланов Б. К., 16.10.2024

құжаттамаға Заңның 45-бабы 2-тармағының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес өзгерістер енгізбесе, онда мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шартта көзделген жұмыстарды орындау мерзімін өзгерту бөлігінде қосымша келісімдерге сілтеме жасау негізсіз болып табылатынын соттар назарда ұстауға тиіс.

Әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс (АПК-тің 72-бабы).

Алайда, жауапкерлер талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелерді сотқа ұсынбады.

Тараптардың қолында бар дәлелдемелерді сотқа ұсынбау осы дәлелдемелерді апелляциялық, кассациялық сатылардағы сотқа ұсыну мүмкіндігін болдырмайды.

Сот, жауапкерлердің уәждері ешқандай тиісті құжаттармен дәлелденбейді және ақылға қонымсыз деп санайды, сондай-ақ талап қоюшының уәждерін жоққа шығаратын дәлелдемелерді сотқа ұсына алмады.

Аталған істі қарау барысында шарт талаптарының жауапкерлермен тиісті түрде орындалмағандығын, яғни тауар мерзімінде жеткізілмегендігін ескеріп, сот жауапкерлерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде тануға заңды негіз бар деп есептейді.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден сот шығындары өндірілуге жатады

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы "Астана-Аймақтық Электржелілік Компаниясы" АҚ жауапкерлер «Astana Light Company» ЖК және «Мир» ЖК қатысты мемлекеттік сатып алудын жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Astana Light Company» ЖК ЖСН 511201350206 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Документ подписан: Алимбетов А. С., 30.09.2024

Дата вступления в законную силу: 17.09.2024, судья Нурланов Б. К., 16.10.2024

«Astana Light Company» ЖК ЖСН 511201350206 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Мир» ЖК ЖСН 730201450275 мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Мир» ЖК ЖСН 730201450275 мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья Б.К.Нұрланов

Документ подписан: Алимбетов А. С., 30.09.2024

Дата вступления в законную силу: 17.09.2024, судья Нурланов Б. К., 16.10.2024

7119-24-3-1/8861